

Жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияға қол қою туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 13 тамыз N 384 . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.06.30. N 202 өкімімен. ~R970202

"Жер қойнауы мен жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 U962828_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияға қол қою құқығы:

1. Қатты пайдалы қазбаларды барлауға және/немесе өндіруге және жер қойнауын өзге мақсаттарда пайдалануға - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.Т.Дүйсеновке берілсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҮ-нің 1996.12.02.

N 544 өкімімен. R960544_

2. Мұнай операцияларына байланысты жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияларға қол қою құқығын өзімде қалдырамын.

3. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1995 жылғы 26 сәуірдегі N 156 өкімінің күші жойылған деп танылсын.

Премьер-Министр